

Аспирантура мен докторантураға қабылдаудың Типтік ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 645 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3005. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі N 161 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.04.01 N 161 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын іске асыру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса берілген аспирантура мен докторантураға қабылдаудың Типтік е р е ж е с і б е к і т і л с і н .
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Әбдірәсілов Б.С.) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын.
3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастан күшіне енеді.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Г.Н. Гамарникке жүктелсін.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң
N 6 4 5 2 3 ш і л д е 2 0 0 4 ж .
" А с п и р а н т у р а ғ а , д о к т о р а н т у р а ғ а
қ а б ы л д а у д ы ң т и п т і к е р е ж е с і "
бұйрығымен бекітілген

**Аспирантураға, докторантураға
қабылдаудың типтік ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Аспирантураға, докторантураға қабылдаудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Білім туралы ", " Ғылым туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдарының аспирантурасы мен докторантурасына тұлғаларды қабылдаудың тәртібін анықтайды.

3. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарының аспиранттары мен докторанттары контингентін қалыптастыру ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру, заңды және жеке тұлғалардың қаражаты есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4. Шетел азаматы болып табылатын қазақ ұлты тұлғаларының жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға Қазақстан Республикасының азаматтарымен қ ұ қ ы қ т а р ы б і р д е й .

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар аспирантурада, докторантурада Қазақстан Республикасының заңнамасымен, халықаралық шарттармен бекітілген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей білім алуға құқылы .

Басқа шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің аспирантурасы мен докторантурасына ақылы негізде Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттар негізінде қабылданады.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігіне (Қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясына ведомстволық қарасты жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің аспирантурасы мен докторантурасына азаматтарды қабылдау білім беру саласындағы орталық атқарушы органның келісімімен жекелеген нормативтік құқықтық құжаттармен реттеледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және Ғылым министрінің 2007.05.17. N 252 бұйрығымен.

6. Жоғары оқу орны, ғылыми мекеме тек тиісті лицензиялары болғанда ғана аспирантураға, докторантураға мамандықтар бойынша оқыту үшін қабылдауды жариялайды.

7. Бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің аспирантурасы мен докторантурасына оқу үшін қабылданатын

азаматтар саны білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен конкурстық негізде жыл сайын орналастырылатын мемлекеттік тапсырыстың шегінде анықталады.

8. Жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелер білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды немесе жеке тұлғалардың есебінен шарт негізінде білім саласындағы өкілетті орган бекіткен қабылдау жоспарының сыртында ақылы оқуға қабылдауды жүзеге асыруға құқылы.

9. Аспирантура, докторантураға түсу емтихандарын өткізу және қабылдау кезеңінде жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерде қабылдау, пәндік емтихандық және апелляциялық комиссия құрылады.

Ұйым басшысы қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

Құрамына төраға және үш мүше кірген пәндік комиссия тиісті мамандық бойынша осы жоғары оқу орнының және ғылыми мекеменің жоғары білікті ғалымдарының қатарынан құрылады, олардың екеуі мамандық саласы бойынша ғылым докторы, ал қалғандары ғылым кандидаттары болуы керек.

Апелляциялық комиссияның төрағасы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері білім беру саласындағы орталық атқарушы органның бұйрығымен бекітіледі.

10. Конкурстық іріктеуді қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орнына және ғылыми мекемеге құжаттар тапсыру мерзімінен 1 ай бұрын орталық баспада мамандықтары, құжат тапсыру мерзімі анықталып аспирантура және докторантураға қабылдау жөнінде хабарлама жарияланады.

11. Аспирантураға түсушілер: бір шет тілі бойынша, философиядан және арнайы пәннен түсу емтихандарын тапсырады.

12. Докторантураға түсушілер: бір шет тілі бойынша және арнайы пәннен емтихан тапсырады.

13. Шетел тілі, философия бойынша түсу емтихандарын білім беру саласындағы орталық атқарушы орган құрған орталықтарда стандартталған тестілеу технология бойынша тапсырылады.

14. Арнайы пән бойынша емтихан жоғары білімнің және жоғары оқудан кейінгі қолданыстағы білім беру бағдарламалары көлемінде жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің басшылары бекіткен қабылдау комиссияларымен өткізіледі.

15. Емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

16. Жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдардың аспирантурасы мен докторантурасына түсушілерден өтініштерді қабылдау 1-20 шілде аралығында жүргізіледі.

Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 15 мамырдағы N 260 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу мерзімін 3-тармақтан қараңыз).

17. Аспирантура мен докторантураға түсу емтихандары 5-20 тамыз аралығында өткізіледі, оқуға қабылдау - 31 тамызға дейін.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 15 мамырдағы N 260 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу мерзімін 3-тармақтан қараңыз).

2. Аспирантураға қабылдау тәртібі

18. Аспирантураға жоғары кәсіптік, жоғары ғылыми-педагогикалық білімі және ғылыми жұмыста жетістіктері бар азаматтар қабылданады.

19. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша аспирантураға оқуға қабылдау конкурстық негізде түсу емтихандарының нәтижесі бойынша өткізіледі.

20. Аспирантураға түсуші тұлғалар жоғары оқу орнына, ғылыми мекемеге мынадай құжаттар ұсынады:

басшының атына жазылған өтініш;
жоғары білімі туралы құжаттың қосымшасымен көшірмесі;
кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және еңбек кітапшасының көшірмесі (жұмысқа орналасқан тұлғалар үшін);
ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі;
086-У нысанды дәрігерлік анықтама;

басқа жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерге түсуші тұлғалар үшін ұсыным хат;

келісім-шарт негізінде түсуші тұлғалар үшін келісім-шарттың жасалуын және оқу үшін шығындардың өтелуін кепілдейтін хат.

21. Аспирантураға түсуші тұлғалар болжамдалған ғылыми жетекшімен сұқбаттасудан өтіп, соңғысы қабылдау комиссиясына ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруға келіскені жөнінде хабарлайды.

22. Аспирантураға түсушілер тестілеу нысанында шет тілдерінің бірінен, философиядан жоғары оқу орындарының түлектеріне бекітілген бағдарлама көлемінде емтихан тапсырады.

Жоғары кәсіптік білім бағдарламалары көлеміндегі арнайы пән бойынша емтиханды жоғары оқу орындарының және ғылыми мекемелердің қабылдау комиссиялары ауызша немесе жазбаша түрде өткізеді.

23. Қабылдау комиссиясы түсу емтихандарының нәтижесі және болжамдалған ғылыми жетекшімен сұқбаттасу негізінде әрбір кандидат бойынша шешім қабылдайды.

Қабылдау кезінде баллдары бірдей болған жағдайда үздік дипломы бар

тұлғаларға, содан кейін бейінді пән бойынша жоғары баға алғандарға басымдылық құқығы беріледі.

24. Оқуға аспиранттар қатарына қабылдау ұйым басшысының бұйрығымен мемлекеттік тапсырыс немесе жасалған шарттарға сәйкес өткізіледі.

3. Докторантураға қабылдау тәртібі

25. Докторантураға конкурстық негізде ғылым кандидатының дипломы бар, бейінді ғылыми мамандық саласы бойынша ғылыми жетістіктерге жеткен, өздерін жоғары дәрежеде іргелі және қолданбалы зерттеулерді өткізіп, ірі ғылыми мәселелерді шеше алатын перспективті ғылыми және ғылыми-педагогикалық жұмыскер ретінде танытқан тұлғалар қабылданады.

26. Докторантураға түсушілер жоғары оқу орнына, ғылыми мекемелерге мынадай құжаттар тапсырады:

басшының атына жазылған өтініш;
ұсынған ұйымның ғылыми кеңесінің шешімі;
жоғары кәсіптік білім және ғылым кандидаты туралы дипломдарының көшірмелері;

ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің тізімі;
докторлық диссертацияның толық ашылған жоспары;
086-У нысанды дәрігерлік анықтамасы;
кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және еңбек кітапшасының көшірмесі (жұмысқа орналасқан тұлғалар үшін);

басқа жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерге түсуші тұлғалар үшін ұсыным хат;

келісім-шарт негізінде түсуші тұлғалар үшін шарттың жасалуын және оқу үшін шығындардың өтелуін кепілдейтін хат.

27. Докторантураға қабылдау конкурстық негізде түсу емтихандардың нәтижелері және тапсырылған конкурстық құжаттарды қарастыру арқылы жүзеге асырылады.

Докторантураға түсушілер тестілеу нысанында аспирантура түлектеріне бекітілген бағдарлама көлемінде шет тілдерінің бірі арқылы емтихан тапсырады.

Тиісті мамандыққа сәйкес кандидаттық минимум көлеміндегі арнайы пән бойынша емтихан жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің қабылдау комиссияларымен ауызша түрде өткізіледі.

28. Оқуға докторанттар қатарына қабылдау ұйым басшысының бұйрығымен жоғары оқу орнының және ғылыми мекеменің Ғылыми кеңестің шешімі негізінде мемлекеттік тапсырыс немесе жасалған шарттарға сәйкес өткізіледі.

29. Осы ережеде реттелмеген мәселелерді жоғары оқу орындарының және ғылыми мекемелердің қабылдау комиссиялары шешеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК